

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ә.С. Жұмаділдаев) осы бұйрық күшіне енген күннен бастап бір апталық мерзімде бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін және кейіннен оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр *Б. Жәмішев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 5

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 439 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) «Алкоголь өнімін (сырадан басқа) бөлшек сауда жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1162 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1999 жылғы 20 қазанда № 940 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2000 жыл, № 2, 195 - қ жарияланған);

2) «Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртіні сату ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 42 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 15 мамырда № 1496 болып тіркелген);

3) «Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртіні сату ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін

өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 31 наурыздағы № 42 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 27 қарашадағы № 207 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 7 желтоқсанда № 1694 болып тіркелді);

4) «Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сату ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 31 наурыздағы № 42 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 605 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 5 қаңтарда № 6721 болып тіркелді, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2011 жылғы N 7(16 қыркүйекте 2011 жылғы) жарияданған);

5) «Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сату ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 31 наурыздағы № 42 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 370 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 12 тамызда № 7119 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2011 жылғы 29 қыркүйекте № 141 (1957) жарияланған);

6) «Этил спиртін өндіруді жүзеге асырушы ұйымдарда этил спиртін бақылау есебі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық Комитеті Төрағасының 2004 жылғы 27 ақпандағы N 88 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 23 наурызда № 2758 болып тіркелген);

7) «Этил спиртін оны техникалық мақсатта немесе алкогольді емес өнімдерді өндіруде пайдаланатын ұйымдарға акциз төлеу арқылы сату ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 18 қаңтардағы № 11 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 18 ақпанда № 3450 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 жылғы 22 шілде № 77 (701) жарияланған);

8) «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымы бойынша декларация табыс етудің нысандары мен ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 29 қаңтардағы № 16 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу

тізілімінде 2007 жылғы 23 ақпанда № 4552 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзгеде орталық мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде, 2007 жылғы, сәуір, № 4, «Ресми газет» 2007 жылғы 12 мамырдағы № 190 (332) жарияланған);

9) «Фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерде этил спиртін пайдалану және акциз төлемінсіз өткізу көлемін квоталау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 601 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда № 5457 болып тіркелген, «Юридическая газета» газетініе 2009 жылғы 23 қаңтарда № 11 жарияланған (1608), Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзгеде орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, № 4, 2009 жыл);

10) «Технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру жөніндегі Ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 138 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 30 сәуірде № 5656 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 5 маусымда № 84 (1507), Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзгеде орталық мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2009 жылғы қыркүйек, № 9, 350-қ. ж а р и я л а н ғ а н) ;

11) «Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және айналымы декларацияларын тапсыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі N 461 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 15 қазанда № 6564 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 12-13 (26415) жарияланған).